

84 КАЗР
Н 38




КАЗАК
ПРОЗАСЫНЫН,
ЖАНА
ШЫГАРМАЛАРЫ

НҰРДӘУЛЕТ
АҚЫШЕВ

ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ
ДАБЫЛ





НҰРДӘУЛЕТ
АҚЫШЕВ
ТАҢ АЛДЫҢДАҒЫ
ДАБЫЛ

ПОВЕСТЬ,
ЭҢГІМЕЛЕР



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1987

Пікір жазғат
Ж. ЕРМАНОВ

Ақышев Нұрдәүлет

А 38 Таң алдындағы дабыл: Повесть пен әңгімелер.—
Алматы: Жазушы, 1987.— 192 бет, портр.

Жазушының жаңа жинағына кейінгі жылдарды жазылған туын-
дылары енгізілп отыр. Оларда автор өзімізге таныс өмір күбылыста-
рын жаңаша көзқарас түрғысынан бағалауға үмтыхады. Ал Советтік
Армия жауынгерлерінің өмірінен жазылған «Таң алдындағы дабыл»
повесі республикалық жабық бәйгегін жүлдесіне ие болған. Сол сияк-
ты «Бұрынғы бастықтың ағелі», «Қажыр мен қаржы», «Ұяттың қісі»
әңгімелері тартымды әкиға. Тосын байладамдармен оқырманың обға
жетекшіліктері

ПОВЕСТЬ

ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ ДАБЫЛ

I ТАРАУ

*Мазасыз сержант. Алғашқы күндер
«Таң алдында тұрғым келмейді».*

...Та-а! е-ем!

Өң мен түстің арасындағы бір буалдыр халде түяқ серіппестен рахаттанып жата берген секілді. Қалжырап келіп қисайса, ешқандай тұс көрместен, манаидагы құбылыстың ешқайсысын елеместен, қорылдан тұрып ұзақ үйықтайтын әдеті бар еді. Қазір де дәл сондай талықсыған талмау шақ болса керек. Алыстан тұншыға естілген күңгірт дауыстың мағынасы санаасына жете койманы анық.

Әуелгі үннің болмашы әсері лезде сейіліп, үйқы тұнғығына қайтадан шым батып үлгірген екен:

— Рота, подъ-ем, рота! — деген азы дауыстың дәл құлақ тубінен үрей туғыза санқ ете түскені. Сол сэттеғана төменгі кернеулі ток ұрғандай тұла бойы шым ете қалды. Одан ары не істеп, не қойғаны анық есінде жоқ. Эйтеур жұдырығымен үқалай, жыртита ашқан көзі енді бір әредіктे төбесінен төніп тұрған әлдекімге түскендей болды. Ептең шырамытса да, қапелімде кім екенін қайдан түстеп тани қойсын.

— Катардағы жауынгер Отегенов!

Одан арғы жайт жалқы сэтте-ақ түгелімен есіне сарт ете түсті. Кереуеттен ырғып тұрған жігіт жанталасып аяқ жағындағы орындыққа үмтыйлды. Ышқынған бойы шалбардың ышқырын көтере беремін деп, щайқалақтап құлап қала жаздады. Сонда да болса аз күнде үйреніп қалған дағдысымен, киімдерін рет-ретімен үстіне іліп үлгірді.

Жанталасып шапшаң-ақ киінген тәрізді. Белбеудің айылбасын сарт еткізіп салып, тиісті орнына ұмтылғанда анық анғарды. Қашан екені белгісіз, әйтеуір бұл кезде сап түзеп үлгірген жауынгерлер үн-тұңсіз қалыпта өзін ғана тосып түрғандай. Еденді дүсірлете басып орнына жеткені сол еді, казарма ішіне бір сәт шыбын ызыны естілер ауыр тыныштық орныға қалды. Үйқылы-ояу Фалым әлгінде жүзін әрең шырамытқан сержант Титов та қозғалмасстан, сапқа жағалата қарайды.

— «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген сөзді мен сендерге әлденеше айтқанмын,— деді ол жінішкелеу дауысымен жұмсақ сейлеп.— Қатардағы жауынгер Отегеновтің орнынан қалай түрғанын бәрін көрдіндер. Енді оның шабандығы үшін бәріңде де жауп беруге тұра келеді.— Іле шанқылдай соғылған темірдей бөтен дауыспен катты айғайлап жіберді:

— Рота! Отбой!

Казарма ішіндегі қып-қысқа тыныштықтың ғұмыры осымен біткен екен. Айнала құйын соққандай үйқы-түйкі болды да кетті. Әлгінде ғана дуалдай болып түрған екі қатар саптын быт-шыты шықты да, әркім өзі жататын төсекке қарай тұра-тұра ұмтылысты. Асыға шешініп, қарадай арпалысып жатқан жауынгерлер, ырыслап, қыстықкан дыбыстар, аяқтардың дүсірі, кереуетердің шықыры...

Енді жамылғылардың шет-шетінен біркелкі тақыр бастар ғана қылтияды. Демдерін ішке тартып бәрі де келесі әмірді үн-тұңсіз күтіп қалған.

Сержант Титов екі ярусты кереуеттер қатарын асықпай жағалап келеді. Екі көзі тәртіп бойынша орындық үстіне жиналған киімдерде. Таңертенгі асығыс сәттің тығыздығына қарамастан, жауынгерлердің киім жинау тәртібін асықпай тексерген жайы бар, кей орындыққа еңкейіп бүктеулі гимнастерканың жаға-женін жөндеп, иесіне қысқаша ескерту жасап та қояды. Қатардың шетінен сержант енді жетті-ау деген кезде казарма қабырғасын қақырата жаңғыртып:

— Рот-а-а! Подъем!— деген кезекті әмір де беріліп қалды.

Жаңағы апыр-топыр арпалыс қайта басталған. Қимыл атаулының бәрі енді керісінше қайталануда. Жатқан жерлерінен жарыса қарғыған жігіттер ышқына киініп жатыр.

— Сапқа тұр!

Кісі бойы жанды дуал төсектердің қарсысына қайта орнықты. Алқынып қалған жігіттер өкпелері қағып әрең тыныстайды. Кей пилотканың астынан такыр самайды куалап тер бүршіктері де сырғанай бастаған.

— Қатарлан! Тік тұр!

Бұл жерде ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып наны жүріп тұрған жалғыз әмірші мына қағілез жұқа сержанттан басқа кім болсын, әрине. Манадан бері дамылсыз беріліп, мұлтіксіз орындалып жатқан әмірлер тек соңкі ғана.

— Демек, мынандай,— деді сержант сілтідей тынып, қымылсыз тұрған саптың бас-аяғын шарапалы қоңырқай көздерімен асықпай түгендереп.— Екінші жолғы әмір бірсыныра қанағаттанарлық дәрежеде орындалды. Әрине, кемшіліктер жетеді. Оның бәрін қазір тізіп жатпаймын. Ал алғашкы әмірдің іске асуы. Жоқ, айта алмаймын... мұлде нашар, тіпті іске алғысыз десем де болды. Сірә, қатардағы жауынгер Өтегеновпен жеке жұмыс жасауға тұра келер. Демек, мынандай...

Теріскейден ескен ызырыққа қарамай барлығы да әскери қалашықты айнала жүгіріп спорт алаңына жетіп бірақ тоқтаған. Бүкіл ротаны бір кісідей шырқиіріп алып жүрген сержанттың қымылы ширак, даусы өктем. Спорт снарядтарының алдына жеткеннен кейін күшіне күш қосылғандай тіпті жаңығып кетті.

Кол астындағы жауынгерлерін қайтадан қатарға тізіп жіберді де, ес жиғызбастан дереу денелішініктыру жасатты. Сосын, бес-бес адамнан шығарып турникке тартылу әдістерін үйрете бастаған. Әлден-ақ әлдері құрып, қарадай қалжырай бастағандардың ішінде Фалым да бар еді. Алдындағы бел темірге жеп жіберердей жеккере қарағаны дәл қазір кімге дәрі. Міне, біртіндеп оның да кезегі таяп келеді. Сыптығырдай ғана мына талдырмаш жігіттің айтқанын істемеуге амалы қайсы. «Жарайды, кейін бірдеме қыларсың соны» деп самарқау келісе салатын көкесі, не болмаса, «жарығым, жоламашы соған. Бір жерің шығып, мертігіп қаласың гой» деп шыж-быж болатын әжесі бар деймісін бұл жерде. Кеше ғана солар бірдеме айтса, журе тындалап, күле сөйлейтін ерке бозбаланың қайдағы бір темір шыбыққа беттей алмай, қарадай ғаріп болып тұрғаны мынау. «Қайран, көке, әже. Қадірлерінді кім білген? Жүрт алдында тағы маскарам шығатын болды-ау».

— Келесі топ! Снарядқа қарай қадам бас!

Қанша айтқанмен кеудесінде намыс оты бар соқталдай жігіт емес пе? Титов талап еткендей иекті бел темірден асыра жеті рет тартылу оңай шаруа емес екенін біледі. Раc, бұл міндепті қиналмай атқарып, жеңіл құтылыш жатқандар да бар. «Иә, тәуекел!»

Бар қайратын қарына шақырып, қайқая созылған Фалым жоғары қарай тартыла бастады. Бір... екі... үш... төрт. Жо-жоқ, «төрт» емес. «Төрт» дегенді қоя тұрайық. Жанталаса қүшенип қанша ышқынса да, мелжемді деңесін игеріп, қайта тартылар деген не. Тершіген алакандары өз-өзінен ашылып, екі қолы салдырап әкетіп барады. Ауада дәрменсіз тыптырлаған аяктардан қайран жоқ.

— Ну, ну. Велосипедінді тебе түс. Жүгің әжептәуір көрінеді өзі,— деді де Титов Фалымның томпиган қарынан қағып-қағып жіберді. Ар жақтағылар еш әмірсіз-ақ хормен қарқылдай күлісіл, бір жырғап қалды.— Жетеді, отставить!

Бұл мәселеге сержанттың «Дене тәрбиесі» сабабы кезінде қайта айналып соғары, Өтегенов тәрізділерді сонда мықтал турып қолға алары бесенеден белгілі. Ал казір армиялық әмірде әбден қалыптасып кеткен уақыт кестесін бұзуға ешкімнің хақысы жоқ. Салқа қайта түрған жас жауынгерлер қазармаға жетті де, дереу жуыну, қырыну, үсті-басқа қарау деген тәрізді ертеңгі процедурага кірісті. Одан соң ән шырқап, асханаға беттеу. Әскери әмірдің ыстық-суығын бастан өткізіп, қалыптасып үлгірген есік жауынгерлермен әзірлік ротасының жақынырақ жанасатын сәті осы. Тамақ ішетін үзын столдар маңында, есік алдында тәртіп қадағалап, қақандаран кезекші офицер мен кезекші сержанттар жүр. Асханаға лек-легімен кіріп-шығып есік алдында қайтадан сапқа тізілсе, гүжілдете ән салып сарт-сүрт аяқ басқан тағы бір рота арт жақтан дүрсілдетіп тақай берді. Оны алып келе жатқан старшинаның:

— Ро-о-та!— деген аңылау қатыл уні естілген кезде етіктердің табаны ойып жіберердей болып асфальтқа ғұрсілдей соғылды. Жас жауынгерлер тобына тақап келіп олар да сарт-сүрт катар түзеп жатыр.— Бұл да бір аптаның ішінде көз үйреніп, көңілге жатталып үлгірген таныс көрініс. «Еркін тұр» әмірінен соң бәрінің де қозғалысып, көздерімен ішіп-жейтіні — қанаттас жас жауынгерлер салы.

— Титов, қырандарың қалай?— дейді старшина.— Жалықтырған жоқ па сені бұлар?

«Кексе» жауынгерлер қарқылдай күлісіп, оның сөзін шабытпен іліп әкетіп жатыр:

— Қайдан жалыктырысын. «Жастарға» аудықталы Титов генерал сияқты болып кетіпті тіptі.

— Эй, мыналарың әлі шикі ғой. Бұлардың қай жері солдат? Әзірлікті тезірек бітіріп, жіберші біздің қолымызға. Аз күнде уқалап қырын сындырып берейік.

— Мынаны қара. Эне бір жирен етігін тілті гармошка етіп жиырып қойыпты. Ну-ка, сынок. Қотер етігіңнің қонышын.

— Титов, кейін осы жиренді біздің ротага тарту ет. Жақсылап тұрып сауабын алайык...

— Сержант, бұлар тамақты бізден бұрын іше месонда? Келмей жатып төр менікі дей ме? Ай-ай, әдептілік қайда?..

Өзгелерін қайдам, екі тілім нан, торғайдың басындаид бір түйір май, орта тәрелка тары ботқасы мен бір кружка шай Фалымның жұмырына жүк та болған жоқ. Аудылдағыдай шынтақтап жатып баптанып ішер жағдай қайда? Жаңағы шамалы коректің өзін жау куып бара жатқандай қызыл өнештен аныл-ғұпты асырып әлек. Алғашқы күндері уақыт бітіп қалып алдындағы асты ішіп үлгіре алмай жүрді. Өзінің лез арасында қалай қаужандап үлгіретінін кім білсін, орнынан ұшып тұрып пилоткасын киіп алады да, Титов бұларды асықтыра бастайды. Фалым тәрізді жайылып салып, марғау отырғандарды көрсө, құтырынып кететіні бар. Ондайда зауал бүкіл стол басындағыларға төнеді. Жалғыз жайбасар үшін стол басындағы он адамды отырғызып-тұрғызып, жегендерін желкеден шығарады. Осындай қанаға взвод Фалымның кесірінен де екі-үш рет ұшырады. Бұл жолы да:

— Тамақ ішу тоқтатылсын! — деген әмір естілген кезде Фалым нанды аудына бұраталай тығып, кружкасын енді қолға алған еді. Шайын шашала асығыс бір-екі үрттады да, орнынан тұра беріп, үлесіне тиген екі кесек қантты қолымен іле кетті. Шашылған асықтай жетімсіретіп тастап кетуге көзі қимады. Оның үстіне, неге екенин өзі де білмейді, қалашық қақпасынан еніп, иығына гимнастерка ілгеннен бері тәтті атаулыға аңсары ауып тұратын бір әдет пайда болды. Атасы жарықтық «мал ашылап жүр» деп науаға тұз төгіп жатушы еді. Сол айтқандай «ашылап» емес, аз күн ішінде бес жасар бала құсал «тәттілей» бастағанына өзі де таң.

Уақыт кестесі бойынша әр түрлі әскери сабактарды өтіп, түскі тамақтан соңғы үзіліске шыққаннан кейін барып қана, жастардың жан-жағына қарасып, сінбіруге мұршалары келді-ау. Онда да білгенінді істеп, безіп кететін емін-еркін тіршілік жоқ. Қірлекен жағаларын ауыстырып, погон, петлицаларын қайтадан дұрыстап қадап немесе хат жазып дегендей әркім өзінің ділгір шаруасымен әуре.

— Ей, сен дөңбек,— дегенге Фалым жалт қараса, етігін «гармошқалап» жиырып киетін манағы жирен өнді жігіт екен. Қолын артқа ұстаған қүйі тәлтиіп тұра қалыпты.— Сен үшін осы сазайымызды тартып болдық қой? Сен неге осы таңтерең оянбайсың, ә? Тамақты да шабан ішесің. Қайта сержант турникке тартыла алмағаның үшін басқамызға тиісе қойған жоқ. Егер шынына келсе ғой, оның әкемізді танытып қудалауға әбден пра-восы бар.

Оз кінәсін онсыз да сезініп, бірдеме бұлдіріп қойған бала құсап, қарадай қипақтап жүрген Фалымның бадырак көздері жылылықтап кетті. Қарақан басын корғап, қарсы тұрайын десе, ұтымды уәж де асығыста аузына түсер емес. Әйтеүір далбасалап шала орысшасымен әлденені құр міңгірлекен болады. Сол екі арада бұлардың дауын естіп секпіл өнді, үзынтура бозбала да тебітіп жетіл келді. Жирен қастымен жарыса ол да икемсіз жігіттің кертарапта тірлігін бетке басып әбден сөгіп жатыр. Казарма босағасын кеше ғана қатар аттаса да, сөлбірекен қара жігітті алымына қоймай, екеуі де кекіреп түр. Фалымды қөпе-көрінеу менсінбей, өздерін жоғары санаған сынайлары бар. Жақын манда сержанттың жоқ екеніне көзі жеткен жирен қас жанаса бере Фалымды қабырғалата итеріп те жіберді. Онсыз да қыстығып, іштен тынып отырған жігіттің қара сүрлау өңінен қаны қашып шыға келсін. «Казарма ішінде сабай алмас, не болса да жағаласып өлейін» деген арынды ой оны орнынан жүлқа көтерген еді. Ине-жіп қадалған гимнастер-касын тастав салып, қарсыласын батылсызыдау итеріп қалды. Қасында жататын сүйекті ірі жігіттің ұшып тұрып арашаға түскені осы кез. Ол қол жұмсал, онсыз да тұтанғалы тұрган төбелесті ұшықтырған жоқ. Қаттылау шығатын орныкты дауыспен екі жаққа да басу айтты. Икемсіз жігіттің қазір болмаса да, аз уақытта әскери тіршілікке қоңдігетінін үкітыра келіп:

— Алда әлі екі жыл бар ғой. Әлден қырғи қабак болып не жетті сонда, Сержант білсе, екеуінді де ондырт-

пайды. Менінше, бул армия. Азаматтық кездегі әдettі қою керек шығар сондыктан,— деді татулыққа шақырап бейбіт үнмен. Жирен қастыны шынымен-ақ ыза буып алған ба, іштегісін ірке алмай қадалып тұр:

— Қөресіні осыдан көрдім-ау тіпті. Осы үшін ғана құніне бір-екі рет біткен істі қайта жасаймыз. Қолынан соншама түк келмейтін бұл қайда өскен қара дәңбек, ә? Әбден күйдірді ғой тіпті. Қайдары біреу үшін мен неге соншалықты жан қинауым керек, ә? Енді саған бола сержант мазаласа бар ғой, бізден жақсылық құтуші болма.

— Иә, күтпес, аямаймыз,— деді ұзынтура да.

— Осылардың жақтыртпай сөйлегенін кеше де естіп қалып едім,— деді денелі жігіт өз орындығына қайта жайғаса беріп.— Байқамаса болмайды. Жастарға сенім бар ма қазір. Әскерге дейін олардың не істеп, не қойғанын кім біледі.

Жүргігі әлі де кеудесіне сыймай, дұрсілдеп түрган Фалым гимнастерка етегімсін бетін сұртті де, қарсы отырған жауынгерге қараң, болмашы езу тартты:

— Мен ғана емес... Басқалар үшін де бір істегенді қайта істеп жүрміз ғой. Мана саптың дайындық кезінде ше. Аяқтарын дұрыс көтере алмаған екі жауынгерге бола...

— Иә, соған бола сержант бәрімізге плацты екі рет айналдырыды. Біздің командирдің жұмыс істеу тәсілі ғой ол. Өзі де айтты емес пе? «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген девизben армияға жана келген біздерді коллектившілдікке тәрбиелемек. Осы сөзді мектепте жүргенде де миымызға әбден сікіріп еді. Онаң кейін техникумда оқыған кезімде жиі естітінмін...

— Сіз не... техникумда оқыдыңыз ба?

— Иә, Херсондағы кооперативтік техникумда. Ой, бауырым, мен деген талай құқайды көрдім ғой. Армияға кештеу алышып, мына секілді сарыауыздармен бірге қызмет етіп жатқаным болмаса. Айтпақшы, танысып қоялық. Менің атым — Володя. Володя Анашкин. Сержанттың арқасында сенің аты-жөнінді амалсыз жаттап алдық қой. Қырғызстаннан ба едің өзі?— деді жағасын қадап болған жігіт гимнастеркасына бас сұрындыра беріп.

— Жоқ. Қазақстаннан, ауылда тұрамын. Мен де со-лай...— деп, Фалым ойын жеткізер орысша сөздерді іштей іріктең, сәл кідіріп қалды.

— Немене, сен де техникумда оқыдың ба?

— Жоқ. Мен де әскерге бір жыл кеш алындым. Алғашқы екі шақырудан да қалып қойған едім.

— Неге өйтті? Бірден кеткенің жақсы еді ғой.

— Бір рет военкоматтан қайтарды. Артықсын деді. Екіншісінде ауырып жүргенмін.

— Тоқта. Сен немене өзі, жағанның бір шетін қисық тігіпсін ғой. Қане, әкелші маған. Міне, былай... Тексеріп қалса, сержант осыған бола тағы бұлніп жүрер.

Әлгі кикілжіңің әсері ме, Фалымның қолы дірілденкіреп, саусағына әлсін әлі ине кіргізіп ала берген. Онын берекесі кетіп отырғанын көрші жігіт сезіп қалса керек. Қәнігі тігіншідей имені лыпылдай қымылдатып, жағаны көктей тікти.

— Бұрын ине ұстап көріп пе едін өзі? — деді ол гимнастерканы қайыра ұсынып жатып.

— Жоқ... не... кейде анда-санда ғана. Бір рет қоржынды көктегенмін.

Бұрын кім білген. Жанасып кетсе аузы сөзден күргамайтын мылжындау жігіт екен өзі.

Еркіне салса, Фалымның ауылына қазір-ак жетіп барудан тайынбайтын жандай кейбір жайттарды тақуалап тұрып сұрайды. Екеуара енді қызып келе жатқан әңгімені «Шығып, сапқа тұр!» деген дневальныйдың¹ әмірі үзіп жіберді.

Осыдан кейін-ақ Фалым өзінін Анашкинмен жақынрақ танысып, ашыла сөйлескісі келетінін, армияға келген бір аптадан бері алғаш рет соған ғана бүйрекі бұрып, ықыласы ауып тұрғанын аңғарып еді.

Алғашқы кездері әрбір күнді өткізу таусылмас тауқыметтей үзақ болып көрінді. Ауылда жүргенде сағаты сағатына, күні күніне жалғасып үлгірмей зуылдан өтетін уақыт мұнда келісімен, екпінін күрт тежеп, миземес шабан өғіздің аянына түскендей. Жау қуып бара жатқаннан жаман елең-алаңда жапыр-жұпыр етіп жарыса турегеледі. Өзінді өзің жұлып жейтін денешшынықтыруға берілетін уақыт — бақандай жарты сағат. Оナン соң жуынып, ән шырқап тамаққа бару. Бүкіл бөлімнің әскерлері бас қосып, сап түзейтін таңертенгі развод. Сонын бір-біріне жалғасқан, бірінен бірі өткен киын сабактар, әскери ғылымның әліппесі: тактикалық, ату, саптық материалдық сабак деген тәрізді әрқылы дайындықтар. Құлақ шіркін сағына, елендей тосатын «Тарқа» деген тәтті әмір берілген кезде, оңтайлы жерге шалжынп отыра кетесін. Командирлердің көзінен таса она-

¹ Дневальный — казарма кезекшісі.

шалау тұс болса, қалжыраған денесін сұлата салып да-
мылдайтындар да бар. Өзінді үйкі төніректеп, өзегің
талып тұрады. Көзінді жыртита ашып, төбеге қарасан,
тал тұс әлі бола қоймаған. Ал кешкі тексеруге дейін,
яғни жаппай үйкі жарияланып, жамбасың төсекке
жеткенше сарыөзендей таусылмас қашшама қыруар
уақыт бар. Сол екі аралықтағы кезекті көрер мекнатың-
ды ойласан, жүргегін айниды. Бұл арпалыстың бітетін
кезі бар ма, жоқ па дегендей салың суға кетіп, шарасыз
куй кешесін.

Алғашқы күндері... Иә, тағы да алғашқы күндері. Адам өміріндегі кез келген елеулі бетбұрыстың алғашқы
сәті кімнің де болса есіне мәңгі орнығып қалатын қа-
сиетке ие ғой. Алғаш мектепке барғаның, оку бітіріп ал-
ғаш өмірге араласқаның, үйленудін алғашқы күндері —
ешқашан ұмытылмайтын ерекше кезендер. Эскери қыз-
меттің алғашқы бір-екі айы Фалымның көңілінде бұл-
жымастай болып өзінен-өзі жатталып қалуы да сондық-
тан шығар.

Сонымен, алғашқы күндері қалт еткен сәтте он то-
ғыз жыл ғұмыр кешкен өз үясы, ең жақын адамдары,
ауылы ойынан шықпай қоюши еді. Рас, әбден қалжы-
рап жүргенен кейін бе, ешқандай тұс көрмей, тұяқ се-
ріппестен қатты ұйықтайдын. Көңіл қимас жайларды тек
өңінде ғана елестетуге мәжбүр.

Ал елестетуге, қиялдауға тұратын нәрселер толып
жатыр. Өзі кішкентайынан бауырында өскен атасы мен
әжесі, әке-шешесі, бауырлары ше? Тіпті күшігінен қолда
асырап өсірген, әбден үрреніп серік болып кеткен Тай-
мас есімді қарала төбет ше? Атасының айтудынша, дәл
осындағы қазақы төбет букіл ауыл-аймақта жоқ. Өйткені
бірен-саран тазы болмаса, бұл күнде жалпы қазақы ит-
тін де тұқымы азайып бара жатқандай. Атасы, неге еке-
нін кім білсін, Таймасты әлі күнге «күшік» деп атайды...

«Көзімді ашып — көргенім, аузымды ашып — сүйге-
нім» дегендей үстеріне әскердің сүр «ХБ»-сы ілінгелі жа-
на келген жастардың үдайы көріп келе жатқаны — негі-
зінен сержант Титов қана. Рас, одан өзге әр түрлі дәре-
желі кісілер, үлкені-кішілі офицерлер әзірлік рота-
сына үздіксіз келіп жатады. Жана толқын жастардың
түрмис-тіршілігін тексереді, лекциялар оқып, әнгімелер
өткізеді. Олардың біразын кәдімгідей танып та алысты.

Бірақ ротаны ертецен қара кешкे дейін «ніріп-жу-
сатып» бір сәт те қастарынан шықпайтын, соған бойла-
ры әбден үрреніп кеткен жалғыз командир — Титовтың

орны бәрібір бөлек еді. Ширатылған талдырмаш денесі ме, әлде, өзара әңгімелескенде биязы естілетін майда үні ме, қалың кірпікті үлкен қой қөздері ме — әйтеуір бұл сержанттың бітім, тұлғасы бір жағынан жас қызға ұқсас көрінетін. Күні бойғы тынымсыз қымылдан буны құрып, әбден сілелеп қалжырайтын жас жауынгерлер командирдің кіп-кішкентай болып алғып бір сәт тыным таппайтынына қайран қалысады.

— Күшті, күшті,— дей берді аузына басқа сез түспеген Фалым таңырқау сезімін тежей алмай. Бірақ ол күткендей Анашкин Титовтың тынымсыз тіршілігіне бәлендей селт ете қойған жоқ.

— Е, сол ма еді? — деді бар болғаны шықшытты кесек жүзіне пилоткасын жаба салып. Аузын кере баппен есінеп те қойды.— Онда тұрған не бар? Сержант сияқты үздіксіз жаттыға берсөң, алты айдан кейін сен де со лай боласың. Күшінді қайда жіберерінді білмей арпалысасың әлі.

— Жоқ, оны айтып тұрғамын жоқ,— деп Фалым тершіген бетін жеңімен сүртіп жатыр.— Менен қайратты емес шығар өзі. Бірақ, бойында тасып келіп жатқан не қылған... әлгі не деуші еді?

— Энергия ма?

— Иә, энергия деймін. Тіпті тыным тауып отырмайды-ау. Қешке дейін бәрімізді қудалайды да жүреді. («Құйрығымызға жер ііскетпейді» дегенді айтқысы келік тағы кідірген. Дәл келетін орысша орамды таба алмады да, ойын ары қарай жалғастыра түсті). Ұйқысы кай уақытта қанады? Қарны қалай ашпайды?

— Бәрі бос әурешілік әшейін.— деді Анашкин,— Артық энергия шығындау. Таісті сабактарын өткізіп тастап, жатпай ма өзінше. Кім оны міндетінен артық істе деп қадағалап отыр. Уақыт кестесін дұрыс өткізсе болды, еш офицер оған ұрыспас еді. Өзіне-өзі жұмыс тауып жүрген біреу әшейін. Мысалы, кеше жеке жұмыс істеймін деп саған денешынықтыру жасатты. Бүгін мені бір шақырымға жүгіртті. Осында қанша адам бармыз, соның әрқайсысымен жеке жұмыс істеп әлек. Сонысын жоғарыдағылар бағалап, ескеріп жатса бір жөн. Өзін де аямайды, біздерге де жеккөрінішті. Бар айттар сезі әскери тіршілік қана. Енді аз уақытта дембльге кететіні ойында да жоқ. Ертен үйіне барғанда не істейді, соны ойлап, дайындалмай ма адам деген.

— Өзі тағы рота комсорғы көрінеді ғой. Осындаі қатал сержантты неге комсорг қойды екен?

— Басшылардың көзіне тұскісі келеді-дағы баяғы.

Анашкин Титовты сырттай түкірткып жамандаған сайны Фалымның да айзы қанғандай болады. Өйтпегенде ше? Қіт етіп жақылсып кетсе-ак, тыным бермей кудалайды да жүреді. Өзімен жеке айналысып, жегенін желкеден шығарғанын былай қойши. Неше рет кезексіз наряд бергені, жұрт алдында бала құсап жаттығу жа-сатқаны батты, әсресте:

— Дәл осындай мазасыз немеге тап болғанымызды қарашы. Өзге сержанттар адам сияқты ғой осы,— деп алып Фалымның батылсыздар үнмен сұрап қоятыны — жолдасының тікелей өзіне қатысты жайт:

— Әскери өмірге қалай тез теселіп кеттің? Бүкіл карантинде сен ғана ештенеге қынқ етпей келесін. Әлде бұған дейін бір жерде арнайы дайындықтан өтіп пе едің?

Көк көздері қулана сығырайып Володя бұл сауалға бірден жауап бермей, тек миығынан құліп қояды. Сосын:

— Өмірді білу керек, бауырым. Өмірден өз пайданды ойласаң ештенеден құр қалмайсың. Мен деген немене? Мениң қолымнан бәрі келеді. Үйге қайтқан соң да ел секілді оку қуалап әуре болмаймын. Бір ыңғайлыш жерді тауып аламын да, жұмысқа кірісемін. Дағамыз бар. Барғаннан кейін машина аламын...— деп, шешіле женеледі. Бір қызығы уақытша артта қалған азаматтық өмірді рахаттана әңгімелегуге Анашкин қашанда даяр. Фалымның зооветинститутқа тұскісі келгенін естігенде:— Нағыз пайдалы оқу. Бітіріп аласың да ет пен майға шылқып отырасың. Ал түсе алмай қалсан ше? Ветсанитар боламын дейсің бе? Оның да дұрыс шығар. Тек әйтеүір пайдалы жағын ойла,— деді ақыл айта сөйлеп.

Бір рет взвод Ленин бөлмесінде жиналып, әңгіме етіп жатқан кезде Володя Анашкин сержантқа тосын сауал қойды. Өткен жолы Фалым екеуінің арасында өрбіген әңгіменің желісі:

— Жолдас сержант. Біз үшін сонша неғыл жанығасыз? Бір тыным бермейсіз. Басқа командирлер жастарды сіз секілді қинамайды ғой.

Жауынгердің жүзіне ұзағырак қараған Титов жағын таянып, бір сәт үндемей қалды. Пилоткасын сыпрылып алдына тастағанда анығырақ байқалды, жүқалаң жүзінде шаршанқылық табы бар. Сонына қарамастан, мектеп оқушысы тәрізді орнынан тұрып, асықпай жауап берген:

— Неге дейсің бе? Демек мынадай. (Бір мәселеге

кеңірек тоқталар алдында сержанттың осы сөзді қайталаі айтатынын бағыныштылары әлдекаша байқап еді). Міне, мысалы сендер армияға кеше ғана келдіндер. Гимнастерка киіп, казарма еденін жуып жүрсендер де, сендерді шын мәніндегі нағыз жауынгер деп атауға бола ма? Жоқ, болмайды. Сендер армия үшін енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан бала сияқтысындар. Сапта жүріл, өкше көтергенге мәзсіцдер. Қебің әлі күнгө дейін үйлерінді ойлап, соны сез қыласындар. Сендерді алғашқы кезден-ақ армия өміріне бірден үйретіп алу керек. Армияның не екенін осы бастан-ақ жақсылап түсінірү — біздің міндеттіміз. Эзірлік кезінде мен ашы терлеңді сықсам, кейін роталарға барғанда өздеріңе женил болады. Эскери қызметтің қындығын менгеру онайға түседі. Сондықтан да мен сендерге, менің қарауымда жүрген кезде тыным беремін деп айта алмаймын.

Демек мынадай... Рас, сендерге алғашқы кезде сүйениш, қамқорлық керек. Жүректі жібітетін жылы сез кепрек. Бұл жерде қастарында жақын адамдарың жоқ. Екі жыл бойы әкелерің де, шешелерің де мына біздер, командирлерміз. Сол есте болсын. Армия өмірі онай емес. Ол қашанда қын болған, қын бола бермек те.

Байқап жүрмін, сендердің көпшілігің үзак үйқатанды ұнатасындар. Үйқы деген жақсы-ақ. Бірақ Отан тыныштығы үшін ондай тәтті нәрсені кейде қиоға тура келеді.

Жаттығу аланына түнде шығатын кездер болады.. Кейде дабыл таң алдында беріледі. Шаршап келіп, шырт үйқыда жатқанда үшып түрегелу онай емес. Сонын барлығына, әрине, осы бастан үйрену керек-ақ...

— Тан алдында ма? Тұн, таң алдында тұрғым келмейді,— деді А나шкін қасақана қаттырак дауыстап.

Тура Фалымның көкейін қыжылдатқан сез. Дәл осы жерге келгенде сескеніп, тіпті кәдімгідей түршіге тыңдап еді. Өзі өз болғалы өмір бойы таң алдында үйқысынан оянып көрген емес. Жылы төсекті қып мезгілсіз уақытта қалай түрмәк? Оны қойып таңертеңгі алтыда түрегелуге әлі қөндіге алмай жүр емес пе.

Фалым аузын ашқан күйі Титовқа жалтақтап қарай береді. Құні бойы жауынгерлердің екі аяғын бір етікке тығып, шырышық атқан тынымсыз қатал сержант әлжуаз жұмсақ дауысты мына сыпайы жігітке үқсаса неғыл дейсіз. «Давай», давайдан» басқаны білмейтін дікілдеген нокай адам жанағыдай естияр сөздерді қайтіп айтты екен?

II ТАРАУ

Жеке қаруыңды ешкімге берме. Үзіліс сәтіндеңігі үзік-үзік әңгімелер. Құнделікті «подъем» екен.

Әскери қалашық орналасқан жер ығы, панаы аз жалтаң. Шаң көтеріп жиі соғатын желі ғана мазасыз. Әйтпесе төрт құбыласы туғел жазық, көз жетер өнір алақандағыдан анық көрінеді. Жас жауынгерлер рота-ротаға таратыла бастаған кезде күн әбден жылынып, жаз нышаны да білініп еді. Тынымсыз ескен сұық желге қарамастан, қалашықтың әр жеріне егілген ағаштар жа-пырак жайып, арық, аллея бойын қуалай көк те қаурай бастаған. Жалпақ жазира да тенбілдене көгеріп шыға келіпті.

Екінші ротаның еншісіне тиген жас жауынгерлердің ішінде Володя Анашкин мен Фалым Өтегенов те бар.

Сәбіи ембеген жас анатың омырауы қалай сыздаса, сағыныш атты құдірет иесі Фалымның жүргегін солай сыздатып, ауыртқаны шын. Әскери тіршілікті кейбір жастар тәрізді бірден игеріп кете алмай, шырышық ата қиналып жүргені тағы бар. Табиғатынан түйіктау солбырайған қара жігіт мұнда келgelі де саяқсып, әуеліде тіпті ешкіммен жұғыса алған жоқ. Былайша додалдау тілдің орысшасы тіпті шалағай.

Сөйтіп өзінен-еzi тарығып, жатсырап жүргенде Анашкіннің жаңына тартып ықылас бүруы көнілге үлкен демеу болып еді. Ең жақсы көретін адамдары көке-сі мен а纳斯ын, әжесі мен әпкесін ауыстыра алмаса да, осы бір кесек пішінді, көк көз жігіттің кездесе кетуі аяқ астынан ағайын табылғаннан кем болған жоқ. Екеуінің бір ротаға қатар түскеніне қатты қуанғаны да сондықтан. «Не көрсек те бірге көрерміз» деп әйтеуір қасында соның қарандап жүргенін кәдімгідей медет қылады.

Фалымның әсіресе қаймықканы — кейбір «кексе» жауынгерлердің жаңа келген жас буынға жасайтын қысас-тығы. Ұзын құлактан естуінше, жас солдатқа мығымсып күш көрсететін тентектер әр бөлімшеде-ақ кезігеді. Әскери өмірдің құнделікті қындығы бір төбे де, жаңағай-дай кекслердің жасайтын кокан-локқысы бір төбे. Кейбіреулдердің қыжыртқан қытымыр көзқарасы болма-са, өзірше өзіне ізденіп келіп, туралай соқтықкан. әш кімді көре қойған жоқ. Жасы ересектеу Анашиңнан же батыл тиісе алмаған сынайлары бар. Дайындық кезінде командир болған Титов та осы ротадан екен. Кайта

оралған күні-ақ «взвод командирінің орынбасары» атты бұрынғы қызметіне құлшына кіріспі те жетті. Әзірлік кезінде оралымсыздығы үшін өзін талай рет кудалап, әбден зәрезап қылған Титовиен бірге қызмет етегініне Фалым я қуанарын, я ренжірін білмеді. Әлдекім кенеттен жәбірлей қалса, сол мазасыз, қытымыр сержанттың қатарына алып, ара түсіү де негайблі тәрізді.

Әскери қызметті атқаруға бір мезгілде келіп, айдан астам уақыт қатар жүріп үйреніскең бұрынғы колективі емес. Қанша айтқанмен, жаңа орта. Өзімен бірге келген азғана жастан басқасы бір гимнастерканы бұрын тоздырып, әскер ботқасының дәмін бұрынырақ татып қалғандар. Екінші жағынан ойлап қараса, сондай артықшылығын міндет қылыш, мығымсуға олардың да хаяқтары бар сияқты...

«Оқ ату дайындығынан» кейін рота казармаға қайта оралды. Автоматтарды тазалап, майлап, қару-жарап тұратын орынға өткізу керек. Өзгелер секілді Фалым да мылтығын жіліктей бұзып, тиісті шаруасына кіріскең.

— Мынаны да өзіндікі секілді етіп өткізе сал! — деген гүжілдек дауыска жалт қараса, тап алдында кесек келбетті, бойы дерендей бір жауынгер тұр. Аласы мол шегір көздері жоғарыдан мысыл үшқынын шаша бедірея қарайды. Фалымның алдына автоматтың қисайтып жыға салды да, сұықтау жыミған күйі:

— Тап-таза болсын, үктың ба? — деді нығыздай сөйлем. Қаруын балтауга бір түрлі ықыласпен кіріскең жігіттің ойында бөтен дәнене де жоқ. Жаңағы жауынгердің қылышы турасындағы пікірі «маған үйрениң деп берді ме екен? О несі?» дегеннең әрі өрбімей, іле-шала автоматтың әр бөлшегіне зер сала үңіліп жетті. «Армияда жүргенде автоматты тәуір-ақ аттым», «Ой, біз не көрмедин!» деген желдірмे сездерді ауылдағы ағаларынан жиі естітін. Бұл қарудың күрілісінде мектепте өтетін «Алғашқы әскери әзірлік» сабабы кезінен-ақ хабардар еді. Орташадан сәлғана жоғары оқыран Фалымның бүл пән бойынша бағалары да тәуірлеу болатын.

Енді, міне, сондагы көзімен көріп, қолымен сипаған қаһарлықаруды күн сайын үстайды. Жайғана үстап, тамашалап қоймайды, 223997 номерлі автомат мұның қәдімгідей жеке иелігінде. Мына пилотка, гимнастерка тәрізді өзінің еншісіне тиғен меншікті заты. Тәжірибелісінің аздығына, жастығына қарамай, командирлер қа-

тардағы жап-жас жауынгер Өтегеновке сеніп тапсырып отыр.

Әлденеге бойы сергіп, арқасы шымырлап қоя берген жігіт автоматты асықпай тазалап шықты да, әуреге түсіп отырып кайта құрастырыды. «Қане, болындар» деген әмір естілген сәтте асып-сасып екінші автоматты жүлкелап бөлшектеуге кіріспін еді. Сол сәтте дәл қасынан:

— Қатардағы жауынгер Өтегенов! — деген таныс дауыстың естілгені. Жетіп келіп шанышла қараң тұрған сержант Титов екен.

— Мен! — деді Фалым аз уақытта бойына сіңіп үлгірген дағдымен үшіп тұрып.

— Қаруынды тазалап болдың ба?

— Дәл солай, жолдас сержант.

— Ендеше өткізбей нағып отырсың? Мына алдында жатқан не?

Фалым екінші автоматтың жайын баяндап жеткізгендеге сержанттың жінішке қастары түйіліп, үні ашырап шығып кетті. Жігітке бір-екі рет үрсып жіберді де, дереу қару иесін тауып әкелуді бүйірді. Дәу денелі солдат казарманың сыртында күншуақтап темекі тартып отыр екен, «Сержант шақырады» дегенге елпендең жүргіре жөнелер дегені бекер болып шықты. Шылымын асықпай бірер сорды да, гимнастеркасының етегін тартып, хабаршы жігітке қиғаштай қарады:

— Мен айтқанды істедің бе өзің?

— Қатардағы жауынгер Хубулури, қаруың кайда? — деді Титов жаңағы түйілген қалыппен енді келген жігітке шаншылып. Өзі мына алыппен салыстырғанда атан түйенің қасындағы арық тайлактайғана. Малды ауылда есken Фалымның ойына осы тенеу оралғанда көмейінде бір сәт өткінші күлкі бүлкілден өткендей болды. Хубулури сасар емес. Тазаланған автоматты қолына алып, ұзына бойына бір кез жүгіртті де, иегімен шашылып жатқан бөлшектерді нұскады:

— Шамасы, мынау болса керек.

— Шамасы ма, жок, дәл өзі ме? «Шамасы» деген сөздің армияда айтылмайтының білесін ғой.

— Дәл өзі, Володя. Сен оны әлі тазаламапсын ғой, — деді жауынгер сосын Фалымға бұрылып. Ол аузын ашып әлденені айтқанша, Титов тақылдай түсіп, сұрақтарын жалғастыра берді:

— Сен автоматтыңды басқа адамға неге бересін? Жеке қаруды ешкімге сеніп тапсыруға болмайтынын жақсы білесің ғой.

— Ой, жолдас сержант,— деді Хубулури титімдей де қаймықпастан, ыржия күліп.— Өзім әуре болғанша оны мына жігіт тазалай салсын деп едім. Онда тұрган не бар? Элі көкпенбек жас, үйренсін, иіскеңін оқ-дәрінің ісін. Мен үшін істесе, ештенесі де кетпейді.

— Ендеше былай, қатардағы жауынгер Хубулури. Бұдан былай ондай қызықты тастайтын боласын. Мен ез взводымда жас жауынгерлерді ретсіз жұмсауға тыйым саламын. Автоматыңды дәл казір тазала да, оружейкаға ғапсыр. Егер тағы осындай іске барсан, менен жақсылық күтпе. Ал, сен Өтегенов,— деді сержант жазықты жан тек өзі тәрізді ернін жымыра, сөлбірейіп тұрган Фалымға.— Бұдан былай тек атағы жоғары әскери адамдардың ғана бүйрығын орындаپ үйрен. Үктың ғой? Үқсан, алға марш!

Жауынгерлер қапылысып жатқан апақ-сапақ бір әредікте Хубулури жанаса берді де, тістенген бойы Фалымның бүйірінен нұқып кеп қалды.

Жаяу әскердің соғыс машинасымен (қысқартып айтқанда БМП) таныстыру жас жауынгерлер үшін қашанды қызықты. Оның жай-жапсарын білу арқылы талай нәрсеге көзің ашылғандай болады. Осындай құдіретті соғыс техникасын өзім де игерсем, шырқ үйіріп атой салсам деген бір жігерлі желік көңілінді желлідетіп әкетеді екен.

Үшінші взвод жауынгерлерінің көпшілігі темекі тар-тып жайбаракат әнгіме-дүкен құруда. Су ішетін жаққа қайта-қайта жүгіретін Фалым тәрізді шөлге шыдамсыз кей жауынгерлер.

— Сафаров, гитараны ала келу керек еді,— дейді машина көленкесінде қисайып жатқан «кексе» жауынгер.

— Соны қайтесің, онаң да рахаты Шкарбаның әңгімесін тыңдау ғой,— дейді екіншісі.

— Бәрін қойшы оның. Сендер жаңалық естідіндер ме?— деп қалды тағы біреуі.

— Қандай, ей?

— Біз білмейтін не қылған жаңалық?

— Міне, мәселе сонда, сендер білмейтін нәрсе болып тұр ол,— деді хабаршы жауынгер мardымсыған тұрмен.— Стрелковскийдің катыны ұл тауыпты.

— Қашан?

— Сергей кеше телеграмма алған.

¹ Оружейка — кару-жарак сакталатын орын.

— Қойши, ей,— деп құрдас жігіттер енді шетте күнге қыздырынып, өзімен өзі отырған жауынгерге бұрылды.

— Аспанға лақтырайық та бұны.

— Тырс етіп ештеңе айтпаған адамды неғыласын?

— Тоқташы,— деді Шкарбань есімді жауынгер қуаныш иесі домаланған толық жігітке жақындай түсіп.— Сен біздің взводтағы алғашқы әке боларсың, жігіттерді тәттіге бір тойғызың керек. Қалай ғана жарылып кетпей отырсың, ә? Сыртыңа қапталған мынау билқылдақ тері емес, броня ма сонда? Эй, Володя,— деді сосын Титовқа.— Рота комсомол үйымының басшысы, мұндай қуанышты ресми түрде жария етпеуін қалай?

«Шынында да ұлы дүниеге келіп жатқанда неғып қуанбайтын адам?— деп ойлады Фалым дуылдасқан жүртты үнсіз бақылап отырып.— Ештеңеге былқ етпейтін сырбаз жігіт сиякты өзі!»

Сабактың сонына қарай взвод жауынгерлері арасында «Бүгін түнде дабыл болады екен» деген тосын қауесеттің тарай қалғаны. Осыны естігеннен қейін-ақ Фалымның мазасы кетсін. Дүниеде жек көретіні үйқының бұзылуы ғой. «Енді қайтіп түрдым? Тәтті үйқының бұзылуы қандай жаман!» деп бір уайымдаса, «қара басып тағы ояибай қалам-ау. Тағы масқарам шыға ма? Әсіреле Титовтың алдында» деп тіпті мазасызданып кетті.

Осындаған аландаумен кешкісін төсекке қисайған ол көпке дейін аунақшып үйқытай алсаши. Соңан бір кезде талықсып жатыл көзі ілініп кетілті. Қайта-қайта оянып сонда да береке тапқан жоқ. Бір кезде тус көрген екен дейді. Ауылдағы өзі оқыған мектептің бағы.

Осыған үқсас шым-шытырық тағы бірденцелер.

Соңан бір кезде:

— Ро-т-о-а! Подъ-е-ем!— деген таныс әмірді еш қатесіз ал-анық естіді. Тұні бойы елегізіп, шала үйқы болып шыққан жігіт төсегінен ыргып түсті де, жанталаса киінді. Әдеттегіден жылдамырақ қимылдаған ол үйқылы-ояу қалыбында жолдағыларды қағып-сога сыртқа қарай тұра үмтүлсін.

— Өтегенов, не болды саған?— десті постыда тұрған дневальный Сафаров. Ұзын бойлы жіңішке жігіттің даусы жуандай еді.

- Дабыл ғой, қалып қоямын ғой.
- Токта, кайдағы дабыл сандырактап тұрғанын?
- Дабыл ше? Таң алдындағы дабыл.

Өткірлеу қара көздерімен шашыла қарап қалған Сафаров біреу қытықтап жатқандай келесі секундта шалқалай күлді.

— Ой, жауынгерім-ай! Ой, сайыпқыраным-ай!— деп қояды ара-арасында.

Сөйтсе, Фалымның арам тер болып арпалысып жургені кәдімгі күнделікті «подъем» екен. Жүрттың мазағынан қашамын деп жанталасып бәрібір осындай күлкілі жайға душар болғаны.

Қызмет ете бастаған уш-төрт айдың көлемінде Фалым армия өміріне өзін біршама үйреніп қалғандай сезінді. «Подъем» деген өмірді естісімен, екі айтқызбай ширатылған серіппедей орнынан атып тұрады. Белгіленген 45 секундтық норма бойынша тез киінуге тәптәуір төсөлді десе де болғандай. Сәл таралып, ыкшам тартқан денесін турникке жеті рет көтеріп, түсіретін халге жетті. Мылтық атуы да тәуір, тиісті мөлшерден төмен түсіп жатса да, ұпайсыз қалған емес. Әзірше қиналып жүргені қашықтыққа жүгіру, секіру. Әсіресе, бес қаруды түгел асынып марш-бросок жасағанда қын.

Мазасын мықтап тұрып алатын тағы бір қауіп — таң алдындағы дабыл еді. Рота аяқ астынан бірер рет қаруға көтерілсе де, жаи қинайтын қарбаласқа ұласа койған жок. Ен бастысы осы уш-төрт ай көлемінде тұнтыныштыры әлі қунге бұзылған емес. Фалымның әзірше іштей шүкіршілік ететіні де сол.

III ТАРАУ

Аяқ астынан бастылған «соғыс». «Көкжасықтың» айғайы. Құлатұздегі жаяу патруль.

Алғашында әскерлердің көпшілігі кез келген уақытта бола беретін кезекті дабылдың бірі шығар деген үйреншікті оймен бұл қарбаласқа онша мән бере койған жок.

Фалым мен Анашкин қызмет етіп жүрген бірінші взводтың командирі Громов деген жастау лейтенант еді. Шүнірек көк көзді аздал секпіл себілген қызыл күрең жүзді, еріндері жымырылған, бір қарағанда сырт әлпеті сұстылау жігіт. Взводты шашау шығармастан түгел

сапқа тұрғызыда да, паркке қарай өзі бастап тұра жүріді.

Әп-сәтте БМП-ларға бөлініп тиелген мотоатқыштар ротасы белгіленген орынға жетіп келді де, кезекті әмірді құтіп тоқтай қалысты. Жаңа ғана шалынып-жығыла жанталаса жүгірген жауынгерлер, енді броньмен қапталған корап ішінде демдерін ішке тартып, тып-тыныш отыр.

Бөлімше командирі де алты айлық курстар соң, бөлімге көктемде ғана келген Катрус фамилиялы тәжірибесіз кіші сержант. Былайша ұстамды жігіт сияқты көрінетін ол әлгі дабыл кезінде жауынгерлерін жөнді игере алмай, әбден абыржығаны. Қол астындағы он солдатты қайта-қайта санап есі шығып еді, енді олардың заттарын түгендептіп әуре.

Жарты сағатқа жетер-жетпес уақыт ішінде әскери тактикалық жаттығудың басталғаны жөнінде взвод командирі Константин Громов реңми түрде қысқаша ғана хабарлады. Бірақ, жаттығу жауынгерлер болжағаннан анағұрлым аумақты болып шықты. Ен алдымен ол бүкіл полктік қана сипат алмайтын көрінеді. Комплексті тақырыппен өткізілетін бул жаттығуға дивизияның танк, артиллерия, байланыс бөлімдері де қатыспақ. Шынайы соғыс жағдайын бейнелейтін әскери қимылдар округтің полигонында жүргізілгелі отыр екен.

Ең бірінші міндет — белгіленген сағатта полк шоғырлану ауданына жетуі тиіс. Алда жолы үзак марш (жорық) тұр.

Бірер сағаттан соң полк марштық-колоннамен шеру тартып жүріп кетті. Алда да, артта да қаптаған соғыс техникасы. БМП, автомашина, БТР үндері араласып, ен даланы жаңғырта тұтас қою әуен құраған. Полктің салтанатты шеруін жаяу әскер соғыс машинасының (БМП) ішінде отырған жауынгерлер түгел тамашалай алған жоқ, әрине. Олардың естітіні үйіса жымдасып кеткен бір қалыпты гүіл ғана. Алғашында өткен жорықтарды, азаматтық әмірді, тағы басқа жайттарды сөз қылып, дабырласып отырған жігіттер сәлден кейін бастары былғақтап қалғып-шүлғи бастады.

Содан бұлар үзак жүрген. Шыжыған күннің ыстыры қайтып, машина іші күнгірттеніп келеді. Үзак жорық бойында бір-екі рет кідіріс жасағаны болмаса, колонна тоқтамастан алға тартып еді. Жол бағыты біркелкі емес, бұлтындан өзгере береді. Ауа кіретін тесіктерден жылы жел есіп тұрса да, жауынгерлер сәлден кейін шө-

ліркеуге айналды. Капырық ыстық та кісінің үйқысын келтіріп, маужырата береді. Қолда бар су қорын үнемдеп пайдаланғаны болмаса, жол бойы ауыз шылауға жарайтын су көзі кездесе қойған жоқ.

Солдаттар құс үйқылы халық. Бір-біріне сүйеніп қалғып отырып-ақ тынығып қалыпты. БМП іші құңгірт-тенген сайын күбір-күбір сөз де қоюланды. Тек есендіреп өзіне өзі келе алмай отырған жалғыз Ғалым ғана секілді. Әзірлік кезіндегі Титовтың басқа да әскері кіслердің аузынан естіген «дабыл», «тұнгі дабыл», «әскери жаттығу» деген сөздері есіне түссе, жайшылықта денесі түршіккен сияқтанып қатты қобалжушы еді. Тұнгісін болмаса да, дабылдың құндізгісін көрді. Қаз алайтып урейлене қоятындаі тым құбыжық нәрсе емес тәрізді. Жанталаса ышқынып қасындағы жүрттап қалмауға тырысып-ақ жүр. Кара жұмыс іstemей көрбала болып өсken жігітті аяқтан шалатын өзінің епсіздігі, шабандығы. Қайта-қайта қарғып-секіріп жүріп бір қолын темірге жырызып, тізесін де соғып алыпты.

Ұзақ жол бойында қалғып кеткен сайын шолақ-шолақ жайсыз тұс көріп, біраз мазасызданды. Жол үстінде биршып терлеп, таңдайы тобарсын отырып көрген түстің қайбір берекесі болсын. Оның үстіне жауапты әскери жаттығуға алғаш аттанған тәжірибесіз жас солдат. Біресе, ауылдағы ақсақ торы құнанды інісі екеуі үйретіп жүреді. Үсінеге Ғалым міне қалса болды, тор құнан жылқы баласында жоқ мінезбен екі капиталына шайқала мөңкіді. Құлаймын-ау деген қорқынышпен жалына жармасып еді, бәрібір лақтырып тастап кетті. Құнаның жалы қолында кеткен шабандоз жерге қарай құлап келеді, бірақ ештеңеге соғылмайды. Жан дәрмен көзін ашып қараса, аспаннан домалап, жерге жете алмай келеді екен...

Адамның үрейін алатын шым-шытырық осындаі бірденцелер. Сондай уақыттың бірінде иығынан дүңк еткізіп әлдекімнің түйіп кеп жібергені. Селт етіп көзін ашып алса да, ештеңені түсінуге шамасы жетпей, бет-аузын үқалап біраз отырды.

Құлақ түбінен дар ете түскең дауысты естігенде барып жалт қараған. Арасы ашық сарғыш тістерін көрсете, арсыздана құліп түрған Хубулури.

— Ей, Қекжасық, неге айғайлайсың? — дейді онымен қоймай гүжілдей сөйлеп.

— Мен айғайлагам жоқ.